«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120300, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы,
Жаңақорған кенті, М. Көкенов көшесі №33
тел/ Факс. 8(72435) 22-2-90
e-mail, janakor.ovp@korda.gov.kz

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ЖАНАКОРГАНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ»

120300, Республика Казахстан, Кызылординская область,
поселок Жанакорган, улица М. Кокенов №33
тел/ Факс. 8(72435) 22-2-90
e-mail, janakor.ovp@korda.gov.kz

18.03.2025 № 01-6/34

«Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы
Б. Байділдаевқа

Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі тарапынан, Сіздің №14148723-1 «Облыс тұрғындары арасында дін қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартушылық жұмыстарын жүргізу» қызметі бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №76359894-ГС32 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары қайта қарау мәселесіне қатысты өтінішіңіз қаралды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-тармағының 2)тармақшасының 6-абзацына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның **тиісті өңірдегі** жұмыс тәжірибесі өлшемшарттары негізінде балдарды есептейді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес **өңір** – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, **аудан** және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Бұл ретте жоба Жаңақорған ауданында жүзеге асырылуына байланысты, осы аймақта орындалған шаралар жұмыс тәжірибесіне есептеледі.

Аталған жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Бөлім басшысы **Ә. Төлегенов**